



Инструкция по применению Биологически активная добавка к пище «NBL Магний 300», 20, 40 шипучих таблеток

Биологически активная добавка к пище. Не является лекарством.

Способствует нормализации функционирования нервной системы при эмоциональном напряжении, неврозе и бессоннице

Помогает уменьшить усталость и нехватку сил

Способствует здоровью сердечно-сосудистой системы

Поддерживает здоровую плотность костей и работу мышечной системы

Со вкусом лимона и апельсина.

Подходит для вегетарианцев.

Не содержит сахара, лактозы и глутена.

Произведен по стандартам GMP

Магний является четвертым по содержанию микроэлементом в организме и участвует в более чем 300 биохимических реакциях, в том числе он поддерживает выработку энергии, здоровье сердца и хорошее настроение. Признаки низкого уровня магния могут включать: возбуждение и беспокойство, мышечные судороги, спазмы и слабость, аномальные сердечные ритмы, нарушения сна или бессонницу, синдром беспокойных ног, раздражительность.

Магний играет важную роль в поддержании работы нервной системы и нормальной работы мозга. Оказывает нормализующее действие на состояние высших отделов нервной системы при эмоциональном напряжении и стрессе. Принимает участие в синтезе гамма-аминомасляной кислоты, которая является успокаивающим нейромедиатором. Магний также может модулировать передачу сигналов серотонина и других нейротрансмиттеров. Достаточное потребление магния улучшает настроение и сон.

Магний отвечает за нормальное сокращение и расслабление мышц, поддерживает нормальную нервно-мышечную возбудимость, снижает мышечное напряжение. При недостаточности магния в мышцах накапливается кальций и натрий, что приводит к их спазмированию. Мышечные судороги ночью или во время спортивных тренировок – яркий признак недостатка магния.

Магний помогает расслабить гладкие мышцы кровеносных сосудов и обеспечивает здоровую функцию эндотелия, что снижает сопротивление периферических сосудов и способствует здоровой работе сердечно-сосудистой системы и кровотока. Помогает поддерживать уровень артериального давления, который уже находится в пределах нормы. Магний защищает от окислительного стресса.

Магний помогает регулировать передачу и усвоение кальция. Путем стимуляции секреции кальцитонина обеспечивает приток кальция в кости и способствует оптимальной минерализации костей и зубов. Наряду с АТФ магний обеспечивает выделение клеточной энергии.

1. Информация о составе продукта

Состав	Активные вещества	В 1 шипучей таблетке	%РСП*
Магния карбонат	Магний	300 мг	75

* РСП = рекомендуемый уровень суточного потребления (ТР ТС 022/2011, Приложение 2)

Состав: лимонная кислота (регулятор кислотности), магния карбонат (магний), гидрокарбонат натрия (регулятор кислотности), сорбитол (носитель), свекольный концентрат (краситель), яблочная кислота (регулятор кислотности), апельсиновый ароматизатор, сукралоза (подсластитель), полиэтиленгликоль (носитель), лимонный ароматизатор, рибофлавин (краситель).

Содержит подсластитель. Чрезмерное потребление может привести к слабительному эффекту.

2. Описание:

Круглые твердые шипучие таблетки от светло-розово-оранжевого до темно-розово-оранжевого цвета, приблизительный вес 4 г ± 5%.

3. Область применения:

Способствует нормальному функционированию нервной и мышечной систем, нормализации энергетического обмена, электролитного баланса и синтеза белка, играющей определенную роль. Способствует здоровью сердечно-сосудистой и костной систем.

4. Рекомендации по применению:

Взрослым принимать по 1 таблетке в день, растворив в стакане воды (200 мл).

5. Противопоказания:

Индивидуальная непереносимость компонентов продукта.

6. Побочные эффекты:

Могут возникнуть легкие побочные реакции, такие как дискомфорт в желудочно-кишечном тракте.

7. Взаимодействие с другими продуктами:

Следует соблюдать осторожность при одновременном применении с тетрациклиновыми и хинолоновыми антибиотиками и дигоксином, используемым для лечения сердечной недостаточности и аритмии сердца.

8. Особые меры предосторожности:

При гиперчувствительности или аллергии на какой-либо из ингредиентов, приеме лекарств, а также беременные и кормящие женщины перед применением должны проконсультироваться с врачом.

9. Условия хранения:

Хранить при температуре 0-25⁰С в сухом и темном месте.

Изготовитель: SENSILAB Ltd., Verovškova, 55a, 1000 Ljubljana, Slovenia, EU, www.sensilab.com

Уполномоченное изготовителем организация, принимающая на территории Республики Казахстан претензии от потребителей по качеству продукции: АО «Нобел Алматинская Фармацевтическая Фабрика» Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 162 Е, телефон: +7 (727) 399 50 50, www.nobel.kz, e-mail: nobel@nobel.kz

Организация-импортер: АО «Нобел Алматинская Фармацевтическая Фабрика» Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 162 Е, телефон: +7 (727) 399 50 50, www.nobel.kz, e-mail: nobel@nobel.kz



Ажесу



**Тағамға биологиялық белсенді қоспа «NBL Магний 300»,
20, 40 көпіршікті таблетка
қолдану жөніндегі нұсқаулық**

Тағамға биологиялық белсенді қоспа. Дәрі емес.

Эмоционалдық стресс, невроз және ұйқысыздық кезінде жүйке жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

Шаршауды және энергияның жетіспеушілігін азайтуға көмектеседі.

Жүрек-қан тамырлары жүйесінің күйін жақсартады.

Бірқалыпты сүйек тығыздығы мен бұлшықет жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

Лимон және апельсин дәмі бар.

Вегетарианшыларға қолдануға болады.

Құрамында қант, лактоза және глютен жоқ.

GMP стандарттарына сәйкес өндірілген.

Магний ағзадағы төртінші микронутриент болып табылады және 300-ден астам биохимиялық реакцияларға қатысады, соның ішінде қуат өндіруге, жүрек денсаулығына және жақсы көңіл-күйге әсерін тигізеді. Магний деңгейінің төмендігінің белгілері мыналарды қамтуы мүмкін: қозу және мазасыздану, бұлшықет спазмы және әлсіздік, жүрек ырғағының бұзылуы, ұйқының бұзылуы немесе ұйқысыздық, мазасыз аяқ синдромы, тітіркену.

Магний жүйке жүйесі мен мидың қалыпты жұмысын сақтауда маңызды рөл атқарады. Ол эмоционалдық күйзеліс пен стресс кезінде жүйке жүйесінің жоғары бөліктерінің күйін қалыпқа келтіруге әсерін тигізеді. Тыныштандыратын нейротрансмиттер болып табылатын гамма-аминобутир қышқылының синтезіне қатысады. Магний, сонымен қатар, серотониннің және басқа нейротрансмиттерлердің сигналын модуляциялай алады. Магнийді жеткілікті қабылдау көңіл-күй мен ұйқыны жақсартады.

Магний бұлшықеттердің қалыпты жиырылуына және босаңсуына жауап береді, қалыпты жүйке-бұлшықет қозғыштығын сақтайды және бұлшықет кернеуін төмендетеді. Магний жетіспеушілігінің салдарынан бұлшықеттерде кальций мен натрий жиналады, бұл олардың спазмын тудырады. Түнде немесе спорттық жаттығулар кезінде бұлшықет спазмы магний жетіспеушілігінің айқын белгісі болып табылады.

Магний қан тамырларының тегіс бұлшықеттерінің босаңсуына көмектеседі және перифериялық тамырлардың кедергісін төмендететіп, жүрек-қан тамырлары жүйесі мен қан ағынының сау болуына әсер ететін бірқалыпты эндотелий функциясына ықпал етеді. Қалыпты жағдайдағы қан қысымының деңгейін сақтауға көмектеседі. Магний тотығу стрессінен қорғайды.

Магний кальцийдің тасымалдануын және сіңуін реттеуге көмектеседі. Кальцитонин секрециясын ынталандыру арқылы кальцийдің сүйектерге жеткізілуін қамтамасыз ете отырып, сүйек пен тістердің оңтайлы минералдануына ықпал етеді. Магний, АТФ-мен бірге жасушалық энергияның бөлінуін қамтамасыз етеді.

1. Өнімнің құрамы туралы ақпарат

Құрамы	Белсенді заттар	1 көпіршікті таблеткада	%ҰТТ*
Магний карбонаты	Магний	300 мг	75

* ҰТТ = ұсынылатын тәуліктік тұтыну деңгейі (КО ТР 022/2011, 2-қосымша)

Құрамы: лимон қышқылы (қышқылдықты реттегіш), магний карбонаты (магний), натрий гидрокарбонаты (қышқылдықты реттегіш), сорбитол (тасымалдаушы), қызылша концентраты

(бояғыш), алма қышқылы (қышқылдықты реттегіш), апельсин хош иісі, сукралоза (тәттілендіргіш), полиэтиленгликоль (тасымалдаушы), лимон дәмі, рибофлавин (бояғыш).

Құрамында тәттілендіргіш бар. Шамадан тыс тұтыну іш жүргізетін әсерге әкелуі мүмкін.

2. Сипаттамасы:

Ашық-қызғылт-тоқсарыдан қою-қызғылт-тоқсарыға дейін түсті домалақ қатты көпіршікті таблеткалар, жуықтама салмағы $4 \text{ г} \pm 5\%$.

3. Қолдану аясы:

Жүйке және бұлшықет жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне, энергия алмасуының, электролит балансының және белгілі қызмет атқаратын ақуыз синтезінің қалыпқа келуіне ықпал етеді. Жүрек-тамыр және сүйек жүйелерінің сау болуына ықпал етеді.

4. Қолдану бойынша ұсынымдар:

Ересектерге 1 стакан суда (200 мл) ерітіп, күніне 1 таблеткадан қабылдау ұсынылады.

5. Қолдануға болмайтын жағдайлар:

Өнім компоненттеріне жеке төзімсіздік.

6. Жағымсыз әсерлері:

Асқазан-ішек жолындағы ыңғайсыздық сияқты жеңіл жағымсыз реакциялар пайда болуы мүмкін.

7. Басқа өнімдермен өзара әрекеттесу:

Жүрек жеткіліксіздігін және жүрек аритмиясын емдеу үшін қолданылатын тетрациклин мен хинолонды антибиотиктермен және дигоксинмен бір мезгілде қолданғанда сақ болу керек.

8. Ерекше сақтық шаралары:

Егер сізде ингредиенттердің кез келгеніне жоғары сезімталдық немесе аллергия болса, сіз дәрі қабылдап жатсаңыз, жүкті немесе бала емізетін болсаңыз, қолданар алдында дәрігермен кеңесіңіз.

9. Сақтау шарттары:

Құрғақ және қараңғы жерде $0-25^{\circ}\text{C}$ температурада сақтау керек.

Өндіруші: SENSILAB Ltd., Verovškova, 55a, 1000 Ljubljana, Slovenia, EU, www.sensilab.com

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнім сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын өндіруші уәкілеттік берген ұйым: «Нобел Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы» АҚ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 162 Е, телефон: +7 (727) 399 50 50, www.nobel.kz, e-mail: nobel@nobel.kz

Импорттаушы ұйым: «Нобел Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы» АҚ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 162 Е, телефон: +7 (727) 399 50 50, www.nobel.kz, e-mail: nobel@nobel.kz

